

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

№4 хаттамасы

14.03.2025 жыл

Қатысқандар- 24 адам

Күн тәртібінде:

1. Педагог бейнесі
2. Өзінді өзін тәрбиелеу жолдары
3. Педагогикалық әлеуметтік желіде, қоғамдық орындардағы этикалық талаптары.

Күн тәртібінде бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңесінің мүшесі Ауталив Р бастауыш класс мұғалімі сөз сөйледі.

Қайырлы күн бүгінгі педагогикалық әдеп кеңесіне қатысушылар. Педагогикалық мамандық- қазіргі таңдағы ең белгілі мамандықтың бірі, тіпті осы мамандық баска да мамандықтарды анықтайды деп айтуға болады, өйткені еңбектің баска түрлері арнайы ұйымдастырылған мақсатты педагогикалық қызметін барысында меңгерілді. Мұғалім алдынан бір-біріне ұқсамайтын, әрқайсысының өзіндік ерекшелігі бар мыңдаған шәкірт ертеді. «Балам деген жұрты болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын», - деп А.Байтұрсынов айтқандай бала - біздің болашағымыз.

Қазіргі мұғалім:

- * Педагогикалық үрдісте жүйелі жұмыс істей алатын;
- * Педагогикалық өзгерістерге тез төселгіш;
- * Жаңаша ойлау жүйесін меңгере алатын;
- * Оқушы мен ортақ тіл табыса алатын;
- * Білімді, шебер, іскер болуы тиіс деп қорытындылады.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша әдеп кеңесінің төрайымы Балгазина А.К сөз сөйледі.

Адам баласы ең алдымен өзін тәрбиелеумен, жетілдірумен айналысып, жұмыс жасау қажет деп ойлаймын. Себебі адам өзін-өзі тәрбиелеген сайын жаңа белестерге ұмтыла түседі.

Ұстаз алдымен өзін жан жақты тәрбиелей алса, онда ол алдына келген білім алушыны да тәрбиелей алады. Қашан да адам жан-жақтылыққа бет бұру қажет.

Ұстаздар белгілі бір даму жолында көптеген әдіс тәсілдерді пайдаланады. Сол әдіс арқылы өзін өзі тәрбиелеу мақсатында педагогикалық шеберлігіне сүйене отырып, шешім қабылдай алады. Мотивация арқылы мұғалім өзін өзі тәрбиелей алса, оқушыны да сөзсіз мақтау, мадақтау арқылы нәтижеге жеткізе алады.

Күн тәртібінде үшінші мәселе бойынша мектеп директоры Закирова Г.К сөз сөйледі.

Құрметті ұстаздар біз педагог ретінде жан-жақты педагогикалық әдепті сақтауымыз керек. Қандай орта да болсын педагог атына сай әрекет жасауымыз керек. Сол септі интернет желісінде белгілі бір талаптарды сақтауымыз қажет.


Кез-келген мазмұнды жарияламас бұрын, оны ата-ана мен оқушы тұрғысынан мұқият бағалау керек. Сондай-ақ, ақпарат қандай түрде ұсынылатыны және оны оқырмандарыңыз қалай қабылдай алатындығы туралы мұқият ойлану керек.

Қоғамдық орындарда педагог өзінің салмақты, байсалды, мәдениетті ұстаған жөн. Әрбір сөйлеген сөзіңізге мен беріп, этикалық талаптарды есте сақтаған жөн деп сөз соңын қорытындылады.

Кеңес шешімі:

1. Мектептегі педагогтардың педагог бейнесін бақылауды назарға алынсын.
2. Педагогтардың әлеуметтік желідегі, қоғамдық орындардағы этикалық талаптарды сақтау назарға алынсын.

Кеңес төрайымы:  Балгазина А.К

Хатшы:  Нэгдэлхан М.